

УДК 811.512.122.09

**БІРНЕШЕ НҮСҚАДА ТАҢБАЛАНЫП ЖҮРГЕН ДІНИ  
АТАУЛАРДЫҢ ӘДЕБИ ТІЛДЕГІ НОРМАСЫН  
ТҮРАҚТАНДЫРУ МӘСЕЛЕСІ**  
THE ISSUES REGARDING TO SHAPE OF SEVERAL OPTIONED  
RELIGIOUS WORDS IN THE LITERATURE LANGUAGE

Г. М. МАМЫРБЕКОВА\*

**Резюме**

Мақалада автор бірнеше нұсқада таңбаланып жүрген діни атаулардың әдеби тілдегі нормасын тұрақтандыру мәселесі жайын қарастырған. Әрқалай жазылып, әрқалай айтылып жүрген, тек дыбысталуы ғана бөлек, бірақ мағыналарында айырмашылық жоқ кірме сөздердің әр түрлі таңбаланып жүруінің өзіндік себептерін көрсеткен. Жалпы ала-құла таңбаланып жүрген діни сөздердің әдеби тілде таңбалану нормасын тұрақтандыру мәселесі тілші ғалымдар тарапынан жүйелі түрде қолға алынуы қажеттілігін және аталған мәселелерді шешу жолдарын ұсынады.

**Кілт сөздер:** Нұсқа, таңба, әдеби тіл нормасы, діни атаулар, кірме сөздер.

**Summary**

The article focuses on the establishing of the rules of spelling religious terms in the Kazakh literary language, which denoted in various literary sources differently. The author studies questions about how to determine the correct version of the literary religious terms in the multiple versions. The author investigates the cause of this variability religious terms and answers for some questions why it is still not set standards spelling religious terms in the Kazakh literary language and suggests ways to solve this problem.

**Keywords:** version, sign, literary language, religious terms, loan words.

Дін – адамзаттың рухани дамуына орасан зор үлес қосатын ерекше әлем, дүниетаным негізі. Ислам дінінің, ислам өркениетінің түркілер әлеміне таралуы, қабылдануы, орнығуы бірнеше ғасырларға созылған ұзақ тарихи процесс болғандығы мәлім. Ислам тек түркілер ғана емес әлем халықтарының өркендеуіне үлес қосқан негізгі діндердің бірі. Алла Тағаланың жалғыздығына, Мұхаммед пайғамбардың оның елшісі екендігіне, Құранның шындығына сену, бес уақыт намаз оқу, рамазан айында жылына бір рет ораза ұстау, зекет беру, жағдайы жетсе

---

\* филология ғылымдарының кандидаты, Тіл тарихы және диалектология бөлімінің меңгерушісі, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы-Қазақстан. Candidate of philological sciences, Head of History of language and dialectology, Institute of Linguistics named after A.Baytursynov. Almaty-Kazakhstan, E-mail: [gulfar76@mail.ru](mailto:gulfar76@mail.ru)

қажылыққа бару және ең бастысы адал, таза амалдармен өмір сүру – ислам дінінің басты ұстанымдары екендігі күллі мұсылман қауымға ежелден мәлім.

Философ ғалым Д.Кенжетаев: «Дін – өте ықпалды күш. Бұл күш асу, кедергі, тыйым, шектеу танымайды. Өйткені оның алғашқы сұхбат ету объектісі – адамның санасы мен рухы» [1, 10], - деген орынды пікір айта отырып: «Исламды қабылдауда ескі түркілік дүниетаным мен құндылықтық жүйенің маңызы зор болды» [1, 33], - деп көрсетеді. Шындығында, түркілер оның ішінде қазақ халқының санасына исламның орнығуының негізгі бір себебі – олардың көне замандардан бергі дүниетанымында жалпы Жаратушы туралы түсініктің болуы. Сондықтан ұлтымыздың дүниетанымы көне түркілердің рухани ой әлемінен бастау алып, кейіннен ислам өркениетімен байланысқа түсті. Одан әрі ұлттық сипатта қалыптасып орнықты. Көне түркілер әлемінде Тәңір есімі жетекші рөл атқарғаны мәлім. Көне түркі жазбаларында кездесетін «Төбеңнен Тәңір баспаса, Астыңнан қара жер жарылмаса», «Биікте көк Тәңірі, Төменде қара жер жаралғанда», «Тағдырды Тәңір жасар» [2, 36-40] деген сияқты жолдардан түркілердің Тәңір туралы түсінігінің өте тереңде жатқандығын аңғаруға болады. Мәселен, VII ғасырда Иоллығтегін:

*Биікте Көк Тәңірі  
Төменде қара жер жаралғанда  
Екеуінің арасында Адам баласы жаралған  
Түріктер соларға билік етуге қойылған, -*

деп жырласа, XI ғасырда Махмұд Қашғари: «Мен **Тәңірдің** гүлденген мемлекетті түркілердің топырағында жаратқанын, өмір бірліктерімен сол топырақты гажайып өрнектегенін көрдім. **Тәңір** оларды түркілер деп атап, асқан салтанатқа ие қылды», - деп жазады. Ал XVIII ғасырдағы Доспамбет жырау:

*Айнала бұлақ басы тең,  
Азаулының Стамбулдан несі кем  
**Тәңірдің** өзі берген күнінде  
Хан ұлынан артық еді несібем, -*

деп жыр төккен. Исламды қабылдағанға дейінгі түркілер

дүниетанымындағы Тәңірдің бар болуы олардың исламды өз дүниетанымында трансформациялап қабылдауына әсер етті. «Яғни, бүкіл түркілер даласында, соның ішінде Қазақстанда исламның мәдени феномен, діннің жоғары мәртебесі ретінде, рухани негіздің және рухани сұраныстың болуы нәтижесінде орныққанын мойындаған абзал. Халық санасы исламды қабылдауға даяр болған» [3, 35].

Діни исламдық дүниетанымды танытатын басты ерекшелік ол – тілдік қолданыстағы сөздер. VII-VIII ғасырлардан бастап ислам дінінің түркі халықтарына таралуы, ең бірінші сол халықтар тіліне дінге қатысты бірліктердің енуіне үлкен жол ашқан болатын. Әсіресе, Қарахандықтар дәуірінде (X-XIII ғғ.) ислам дінінің ресми дінге айналуы мен діни-ағарту, жазба істерінің араб тілінде жүргізілуі бұл үрдісті күшейте түскені мәлім. XX ғасырдың басына дейін діни тақырыпты жырлау, пайғамбарды мадақтау, Алланы дәріптеу қазақ қаламгерлері шығармаларында да үздіксіз жалғасын тауып жатты. Олар діни тақырыпқа тек өлеңдер мен қарасөз үлгілерін ғана емес, көлемді дастандар да арнаған. Соның негізінде қазіргі тілімізде қолданылмайтын, алайда ескі қазақ жазба тілінде актив қолданыста болған рухани-мәдени және діни бірліктердің де мол қоры қалыптасты. Олар тек дыбыстық жағынан ғана игеріліп қоймай, семантикалық тұрғыдан да барынша дамыды. Мәселен, мағынасы кеңейген, тарылған, өзгерген, тіпті бастапқы мағынасын жоғалтып, мүлдем басқа мағынаға өткен немесе алғашқы төл тіліндегі мағынасын сақтай отырып, жаңа мағына үстеген діни атаулар да молынан ұшырасады. Сондықтан қазақ қаламгерлері шығармаларында қолданылған және қазіргі қазақ тілінде қолданыста жүрген барлық діни сөздерді үлкен екі топқа бөліп қарастыру керек:

1. Қазіргі қазақ әдеби тілінде актив қолданылатын діни атаулар;

2. Қазіргі қазақ әдеби тілінде қолданылмайтын, алайда ескі қазақ жазба тілінде актив қолданылған діни атаулар.

Бірінші топқа жалпы жұртшылыққа етене таныс, мағыналары түсінікті *ажал, аза, ақшам, ақирет, ақырзаман, Аллаһу акбар, аруақ, астапыралла, аят, әлмисақ, әмин, әулие, бақи, бейіш, бесін* (түс намазы), *бисмилла, гибадат, дуа, дұға, дін, дәрет, жаназ, жәннат, жарпазан, жаһаннам, жұма, жын, заманақыр, зекет, зират, зиярат, зікір, имам, иман, инша алла, ислам, ишан, кәпір, кебін, көр, күнә, күнәһар, күпірлік, қабір, қажы, қаза, қайыр, қанағат, қиямет, қиянат, қож, құбыла, құдай, құран, құрбандық, құптан, лақат, мазар,*

*марқұм, масих, мәйіт, медресе, мешіт, молда, мұсылман, мүрде, мүфти, мінәжат, намаз, намаздыгер, намазшам, нәпсі, ораза, пайғамбар, парыз, пәни, періште, пешене, пұт* (Будда дініндегілердің табынатын құдай бейнесі), *рамазан, садақа, рух, сопы, сүре, табыт, тамұқ, тасаттық, тауап, таурат, тәбарік, тәжім, тәсбиқ, тәуба, тозақ, тұмар, хадис, халал, харам, хатым, шайтан, шаригат, шейх, шүкір*, сондай-ақ, діни ортада, діни уағыздарда, мешіттерде, медреселерде, жалпы егемендік алғаннан кейін актив қолданысқа енген *арафа* (құрбан айттан бір күн бұрын болатын арафа түні), *асхаб* (Мұхаммед пайғамбар ғ.с. серіктері, сахабалар), *әзәзіл* (шайтан, азғырушы), *әзірейіл*, (төрт періштенің бірі), *әлхамдулиллаһи* (Аллаға шүкір, Аллаға мадақ), *ғарасат* (қиямет күні жиналатын алаң), *ғұсыл* (шариғат бойынша жыныстық қатынастан кейін ерлі-зайыптылардың дәрет алып, денені толықтай жуынуы), *жәбірейіл* (төрт періштенің бірі), *зәмзәм* (Меккедегі қасиетті зәмзәм құдығы, соның киелі суы), *имам ағзам* (мұсылман дініндегі төрт мазһабтың бірі), *исрафил* (төрт періштенің бірі), *ихрам* (қажылықта киетін киім), *кәусар* (жұмақтағы бұлақтың аты), *кәлима шаһадат* (Алла тағала мен оның елшісі Мұхаммедке куәлік білдіретін сөз: «әшһәду ән лә иләһә иллаллаһу уә әшһәду әннә мұхаммадан абдуһу уә расулуһу – Алладан басқа құдай жоқ Мұхаммед оның құлы және елшісі екеніне куәлік етемін»), *қазба* (Меккедегі құлшылық орны), *қари* (құранды толық жатқа айтатын адам), *қирағат* (құранды ырғағымен, әуенімен жатқа айту), *құтпа* (некелесуге разылық беру үшін оқылатын дұға), *ләйләтул қадыр* (қадыр түні), *мазһаб* (діни ағым), *махшар* (қиямет күні өлгендердің қайтадан тіріліп жиналатын және олардың күнәларын тексеретін жер), *машалла* (таңқалғанда немесе тіл-көзден сақтасын деген ниет білдіргенде айтылатын сөз), *мәлак* (періште), *мәләйік* (періштелер), *мәкрук* (шариғат бойынша құпталмаған, мақұлданбаған, жиіркенішті нәрсе), *мәүліт* (Мұхаммед пайғамбардың туған күні болып есептелетін діни мейрам), *михраб* (мешітте имам тұратын орын), *мекайл* (төрт періштенің бірі), *мүмін* (ислам дінін ұстанушы), *мүңкір* (өлгендердің күнәсін қабірде тексеретін періштенің аты), *мүшірік* (Аллаға серік қосушы), *миғраж* (Мұхаммед пайғамбардың көкке көтеріліп, Алламен жүздесуі), *нәби* (пайғамбар), *нуңкүр* (өлгендердің күнәсін қабірде тексеретін періштенің аты), *пәтуә* (шариғат негізінде мүфти шығаратын үкім), *пидия* (өлген адамның күнәсін молдаға сатып күнәдан құтқару), *питір* (ораза кезінде үлестіретін садақа), *раббы* (билеуші деген ұғымды білдіретін Алла тағаланың теңеуі), *ракағат*

(намаздың бөлігі), *расул* (Мұхаммед пайғамбардың теңеуі), *рүкүз* (намаз оқығанда тізеге қолды қойып еңкею), *салауат, сауап, сахаба* (Мұхаммед пайғамбардың көзін көрген серіктері, мұсылман дінін таратуға атсалысқандар), *сәжде* (маңдайын жайнамазға қойып, құлшылық ету), *сәресі, Сұбхан Алла* (Аллаға мадақ; араб тілінде йа шылауымен бірге келгенде таңдануды, қорқуды білдіреді), *сүндет* (Мұхаммед пайғамбар құптаған дұрыс әрекеттер, жағымды қасиеттер), *сүнни* (төрт мәзһаб ханафи, мәлики, шафиғи, ханбали мұсылмандары, осы төрт мазһаб көрсеткен діни ережелер мен заңдылықтарды орындайтындар, сүннилер), *дажал* (ақырзаман болғанда шығатын аждаһа), *тайаммом* (сусыз топырақпен, құммен дәрет алу), *тақуа* (дін жолын қатты ұстанушы), *тауипқ* (қанағат, ынсап), *уағыз* (дінді насихаттау, үйрету), *уажип* (шарифатта орындалуы қажет деп табылған діни міндеттер), *үмбет* (мұсылман дінін қабылдаушылар), *фақиһ* (шарифат заңының білгірі), *фатиха* (Құранның бірінші сүресі), *Хауа* (Адам атаның қабырғасынан жаратылған бірінші әйел кісі), *хижаб* (мұсылман әйелдері бетке тұтатын перде), *хижра* (Мұхаммед пайғамбардың 622 жылы Меккеден Мәдинаға көшкен жылы; мұсылманша жыл санау есебі), *шейіт, шаһид* (дін үшін күресте қайтыс болу, қаза табу), *шиит* (ислам дінінің шиға бағытын ұстанушылар (ислам діні екі үлкен топқа бөлінеді: сүнни және шиғи) сияқты т.б. көптеген сөздерді жатқызамыз.

Ал екінші топқа, яғни қазіргі қазақ әдеби тілінде қолданылмайтын, алайда ескі қазақ жазба тілінде актив қолданыста болған діни атаулар жатады, олар мына тәрізді сөздер: *абд* (құдайдың құлы), *абыз* (құранды толық жатқа білуші), *ақайд* (ислам дінінің негізгі қағидаларын үйрететін кітап), *байтулла* (Меккедегі қағбаның атауы), *бамдат* (таң намазы), *барағат* (мұсылмандық күнтізбе бойынша шағбан айының он төртінші күні өтетін барағат (тазару, күнәсіз болу) күні), *газауат* (дін үшін күрес), *иәжүж* (ақыр заман алдында пайда болып, көп зұлымдық жасайтын халық; жалмауыз, құбыжық), *забих* (құрбандыққа арналған мал), *кәниса* (шіркеу), *кәфарат* (күнәні жуу үшін берілетін қайыр-садақа), *кәшиш* (поп, шіркеу қызметкері), *күпіра* (құдайға қарсылық), *қаумет* (намаз оқығанда сәждеден соң басын көтеру), *қирағатхана* (медресе), *лаухи қалам* (әр адамның күні бұрын тағдыры жазылған тақта, жазмыш), *муазин* (намазға шақырушы, азан айтушы), *мүрид* (сопылық жолына түсуші, сопының шәкірті), *паруардигар* (құдай, жаратушы), *санам* (құдай бейнесі, икон), *сират*

(күнәһарлар мен күнәсіздерді ажыратып, сынақтан өткізетін о дүниедегі қыл көпір), *фажир* (күнаһар, имансыз), *фирдаус* (жұмақ бағы), *фитна* (дін бұзушылық), *хатма* (тозақ аты), *һауиа* (тозақ аты), *шаһариар* (Мұхаммед пайғамбардың ең алғаш дін қабылдаған төрт серігі: Әбубәкір, Омар, Оспан, Әли), т.б. Ескі қазақ жазба тілінде актив қолданыста болған мұндай діни атаулардың жалпы саны екі жүзге жуықтайды.

Қазіргі тілдік қолданыстағы және тек ескі қазақ жазбаларындағы діни атаулардың бірнеше вариантта айтылып, сыртқы формасы жағынан дыбыстық дублеттер құрайтындары аз емес. Кезінде белгілі ғалым Н.Оңдасынов: «Біз қазақ тілінде кең өріс алған 400-ден астам араб сөздерінің қазақша жазылу түрлерін анықтап шықтық. Олардың шұбарлығы соншалық, оның себебін ашуға кісінің ақылы жетер емес. Оған жүздеген мысалдар келтіруге болады. Оқылған әдебиеттерде тасбих сөзінің – 20, иждихаттың – 12, ілтипаттың – 8, ғибраттың – 7, әрекеттің – 6, қауіптің – 5, ұзданның – 4, варианты кездесті. Әрқайсымыз күніне жүз рет айтатын рахметтің (ауызекі айтылуы өз алдына) баспада: рақмет, рақымет, рахмат, рахмет, рахымет сияқты 5 түріне кездестік» [4, 4], - деп көрсеткен. Сондай-ақ ғалым Н.Оңдасынов: «Жазбадағы ала-құлалылық – тіл мәдениетінің үлкен жауы. Біздің елімізде мәдениет революциясы іске асты. Енді үлкен мәдениетті ел болдық, оған нағыз мәдениетті тіл лайық, оның аттың төбеліндей айқын жазуы болуы керек. Орысша әрбір сөздің тайға басқан таңбадай бір-ақ белгісі бар – оның бір әрпін өзгертуге болмайды. Қазақ тілінің жазуын осындай дәрежеге көтеруге бола ма? Әбден болады, ол үшін әлі де іздену керек, ізденіс – табыс кепілі», - дейді. Бұл сонау кеңестік кезеңдегі уақыттарда айтылған сын болатын. Өкінішке орай, содан бері қаншама уақыт өтсе де, әртүрлі таңбаланып жүрген араб, парсы сөздерінің әдеби тіліміздегі нормасын тұрақтандыру, біріздендіру, жүйелеу мәселесі дұрыс жолға қойылмай келе жатыр. Яғни әлі күнге дейін ала-құла таңбаланып келе жатқан сөздер мол ұшырасады. Мәселен:

**Аллаһу акбар, Алла акбар, Аллау әкбар, Аллаһу әкпар, Аллаһу акпәр, Аллаһу әкпар, Аллаһ акбар, Алла әкбір** (ар. Аллаһу акбар) – *Алла ұлы, Алла ең жоғары*. “Аллаһу акбар” деп, тәкбир көтерділер, Дауысы он шақырым жерге барар («Қисса Сейітбаттал». Бабалар сөзі. 16-том. 2005. 100 томдық). Мүбәрак “тайғ зухаки” қылышын алды, “Алла Акбар иә, Мұхаммед” деп ұра берді («Ғазауат

сұлтан». Бабалар сөзі. 13-том. 2005. 100 томдық). Шаһзада мұны естіп пұтқа барды, “Иә, *Алла Акбар*” деп шокпар салды («Ғаза кітап Мұхаммед-Ханафия». Бабалар сөзі. 10-том. 2004. 100 томдық). *Аллау әкбар*, рұқсат, Бар, жолыңнан қалмағын («Еңсегей бойлы Ер Есім». Бабалар сөзі. 56-том. 2009. 100 томдық). *Аллаху әкпар* деді де, Тіллә дабыл үстіне («Еңсегей бойлы Ер Есім». Бабалар сөзі. 56-том. 2009. 100 томдық). Рұқсат, *Аллаху акпәр*, барғын, балам, Нәсіліне болдың зауал бір тайпа елдің («Еңсегей бойлы Ер Есім». Бабалар сөзі. 56-том. 2009. 100 томдық). Осыны айтып Сауда ишан: – *Аллаху әкпар*, бар! – деді («Болат, Жанат». Бабалар сөзі. 6-том. 2004. 100 томдық). «*Аллаһ акбар* қош бол!» –деп, Осыны айтып болды да, Ғайып болып кетті диуана («Батыр Жәнібектің өлеңі». Бабалар сөзі. 56-том. 2009. 100 томдық). Қосалық екі жасты *Алла әкбір*, Мехірі пайғамбардың бата болсын («Қисса-и Қозы Көрпеш» (Н.И. Ильминский нұсқасы). Бабалар сөзі. 54-том. 2009. 100 томдық).

**Астапыралла, астағфирулла, астағфиралла, әстаупіралла** (ар. астағфир Аллаху) – *Алла сақтай гәр!*, *Құдай сақтасын! Алла кешірсін!* Жебірейіл сол арада мекен қылған, *Астағфирулла* Алла ла иллаһа, илла Алла («Жеті қат көк баяны». М.Жүсіп, II-том, 2003). Падишаһ айтты: – *Астағфиралла*, тәубә қылдым, Не айтсаң да сөзіңе құлақ қойдым («Қисса қырық уәзір». Бабалар сөзі. 8-том. 2004. 100 томдық). Бабалар сөзі. 54-том. 2009. 100 томдық). Айтады қаталықпен, *астапыралла*, Құдая, балалығын кешіре көр ... («Қозы Көрпеш – Баян сұлу» (Бейсенбай нұсқасы). Бабалар сөзі. 54-том. 2009. 100 томдық). Не дейді, тоба Құдай, *әстаупіралла*, Қарақтарым, малды бақсын, тазшаны алда («Қозы Көрпеш – Баян сұлу» (Б.Мақанов нұсқасы). Бабалар сөзі. 55-том. 2009. 100 томдық).

**Әзәзіл, ғазазіл, ғазәзіл** (ар. азазил) – *шайтан*. Айтқаның жөн, Қарашаш, *Әзәзіл* шайтан азғырса, Бір-біріне тума қас («Шынтасұлы Төрехан». Ақсауыт. II том. 1977). Адамнан менің нәсілім ұлық дүр! – деп, *Ғазазіл* сәжде қылмай қарап тұрды («Жан иесі өліп, ғарасатқа тіріліп, Ғазазіл ан хазірет илан үмбеттеріне таласып, имам Ағзам илан имам Шафқа жүгінгені». М.Жүсіп, II-том, 2003). Періште жердің жүзін алып кетті, *Ғазәзіл* оттан белбеу буып кетті («Ғаршы, күрсі жаратпағы». М.Жүсіп, II-том, 2003).

**Әзірейіл, ғазірейіл, ғазірәйіл, ғазирайыл** (ар. азрайл) – *жан алғыш періште*. Жөнелді бір жағына жолды тастап, *Әзірейіл* ұстағандай іздеп келіп («Әбуғалисина, Әбілхарис». Дастандар, 1990). Өрқашан алмақ болса құлдың жанын, *Ғазірейіл* ол пендеге келер

жақын («Пенделер жаралып, жан бергені». М.Жүсіп, II-том, 2003). *Ғазірәйіл* алып кетті қарамай-ақ, Қояды қаза жетсе, кімді аяп?! («Исабек ишан». М.Жүсіп, I-том, 2003). Алдайсың да жоқ дүние өтеді деп, *Ғазирайыл* соңынан жетеді деп («Көрпеш һәм Баян сұлу» (Шоқан нұсқасы). Бабалар сөзі. 54-том. 2009. 100 томдық).

**Бейіш, пейіш, бәһәшт, беһешт, бейіс** (пар. биһишт) – *жұмақ*. Кейісі тозақ болғанда, тыныштық – *бейіш*, Міне, осындай муафық келісі бар («Күндіз бен түннің айырмасы». М.Жүсіп, II-том, 2003). Жеті дозақ бекітіп, Сегіз *пейіш* ашылды, Үр қыздары қарады («Мұхаммед пайғамбар». Бабалар сөзі. 11-том. 2005. 100 томдық). *Бәһәштқа* барсам да қайғы кетпес, Баққа барып сайрандықты не қылайын («Қисса қожа Ғаффан». Бабалар сөзі. 20-том. 2005. 100 томдық). Өзім өлсем бекер қалар нардай күш, Досқа қызмет етсем таяр ғой *беһешт* («Алпамыс батырдың хикаясы» (Ә.Диваев нұсқасы). Бабалар сөзі. 33-том. 2006. 100 томдық). Көріп едім тіріде, Жеті жұмақ *бейісін!* («Қобыланды батыр». Бабалар сөзі. 38-том. 2006. 100 томдық).

**Бесін, песін, пешін** (пар. пишин) – 1. *Түс мезгілі*. *Бесін* менен ақшамның екі арасы, Таһирға ұзақтығы жылдай болды («Таһир-Зүһра». Ғашықнаме, 1976). Өртенермін балам үшін, Келер еді әр күн *пешін* («Едіге батыр эпосы». Бабалар сөзі. 39-том. 2006. 100 томдық). 2. *Түс намазы*. *Бесін* оқып мешітте отыр екен, Сәлем беріп Расулға кіріп келді («Қисса хазірет Әли разы Алла Анһудың шаһ Барбарға құл болып сатылғаны туралы». Бабалар сөзі. 16-том. 2005. 100 томдық). Қаза болып *песіні*, Намаздігер болғызды-ай («Қарасай – Қазы» (Нұртуған Кенжеғұл ұсқасы).

**Бисмилла, бисмиллаһи, биисим алла, бісмиллә, бисмиллә, бисмилдә, биссимилла, бісмілда, бісмілла, бісміллә** (ар. бисмиллаһи) – *Алланың атымен, Алланың атымен бастаймын*. «Тағамға: «*Бисмилла!*» – деп, ұмтылғанда, - Жеме! – деп Жебірейіл жібермеді («Садуақастың мырзалығы». М.Жүсіп, I-том, 2003). *Бисмиллаһи* деп башлалық бір қиссаны, Көңілден шығаралық көп құсаны («Ғазауат сұлтан». Бабалар сөзі. 13-том. 2005. 100 томдық). «*Биисим Алла!*» деп Сұлтанай, Аттандырды төрені («Қарасай – Қазы» (Нұртуған Кенжеғұл ұсқасы). Бабалар сөзі. 46-том. 2008. 100 томдық). Молдалар оқыр кәләмді, *Бісмиллә* деп жол басын («Алпамыс батыр». Ақсауыт. I-том. 1977). *Бисмиллә* сөздің басында, Бір мехнат кештім жасымда («Мұса Шорманұлы». М.Жүсіп, I-том, 2003). Баян сонда “*бисмилдә*” аузына алды, Дәрет үшін құманды қолына алды («Қозы Көрпеш өлеңі» (Д.Айтбаев нұсқасы). Бабалар сөзі. 55-том. 2009. 100 томдық).



Жігіттер, я *биссимилла*, жанды аманат, Құлына Алла деген болған санат («Қисса-и Қозы Көрпеш» (Н.И. Ильминский нұсқасы). Бабалар сөзі. 54-том. 2009. 100 томдық). *Бісмилда* айтпай, дәретсіз жақын барма, Молдадан артық білер ақыл бар ма? («Сұлтанмахмұт Торайғыров»). Бес ғасыр жырлайды. III том. 1985). Құртқаға алып барып береді, *Бісмилла* деп жеп еді («Қобыланды батырдың баласының жыры» (Айса Байтабынұлы нұсқасы). Бабалар сөзі. 37-том. 2006. 100 томдық). «*Бісмиллә*» деп, ішкері еніп қараса, Есебі жоқ сансыз сауда базар бар («Әбуғалисина, Әбілхарис». Дастандар, 1990). *Бисмиллаһи Рахман ир-Рахим Хамду бейхад ғадат* («Қисса Шаһизинда». Бабалар сөзі. 10-том. 2004. 100 томдық).

**Жаннат, жаннәт, жәннат, жәннет** (ар. жаннат) – *Жұмақ, жұмақ бағы*. Бізден өлген – шаһид боп *жаннат* барды, Сізден өлген – көреді тамұқ-нарды («Қисса уақиға Кербала үшбу-дүр». Бабалар сөзі. 11-том. 2005. 100 томдық). Алла тағала дұғасын қабыл деді, Сол сағатта *жаннәттан* перде келді («Жүсіп-Зылиха». Ғашықнаме, 1976). Өгар өлсе мұсылман, *Жәннат* орны жайылар («Қисса Зарқұм». Бабалар сөзі. 12-том. 2005. 100 томдық). Көргендей *жәннеттегі* мысал хорды, Көтеріп түрлі-түрлі тәтті тағам, Алдында қыз-келіншек шұбап жүрді («Қамбар батыр». Ақсауыт. I-том. 1977).

**Жаһаннам, жәһәннам, жәһәннем, жәннем** (ар. жаһаннам) – *тозақ*. Әшірбекке бөлің һәм дам, Язидтің жаны *жаһаннам* («Бозұғлан, Ахметбек һәм Жүсіпбек». Бабалар сөзі. 47-том. 2008. 100 томдық). Екі қолдан әл кетіп, *Жәһәннамға* жан кетіп («Қобыланды батыр». Бабалар сөзі. 38-том. 2006. 100 томдық). Біреудің ақ некесін арамдаған, *Жәһәннемге* қыздар кетер қос алмалы («Күдеріқожа Көшеқұлы». Бес ғасыр жырлайды. II том. 1984). Бірме-бір келген қалмақты, Жіберді жанын *жәннемге* («Ер Шора» (Молда Мұса нұсқасы). Бабалар сөзі. 45-том. 2007. 100 томдық).

**Күнә, күнаһ, күнәһ, күнаһи, күнәһи, гүнаһ, гунаһ, гүнәһ, күнай, күнәй** (пар. *гүнаһ*) – 1. *Дінге, шаригатқа қайшы әрекет, шалыс қадам*. Андан соң Расул Алла – Құдай досты, *Күнә* қылып жаныма қылдым қасты («Қисса хазірет Әлидің Сараң байды жолға салғаны». Бабалар сөзі. 16-том. 2005. 100 томдық). Құдая, толып жатыр көп *күнаһым*, Жетер ме күдіретіңе менің аһым («Таһир-Зүһра». Ғашықнаме, 1976). Иә, Алла, рахматың көп, жарылқағыл, Ғафу қып мен асының *күнәһыны* («Қисса хазірет Әлидің Сараң байды жолға салғаны». Бабалар сөзі. 16-том. 2005. 100 томдық). Тағы да көк тараптан ауаз келді: – *Күнаһи* дүр бұл қылғаның үйіңе қайтың!

(«Әбулайыстан рауаят». М.Жүсіп, II-том, 2003). Арақ ішпек ұлы *күнәһи* тағы да, Жарық бол, *күнәһиден* мүмин пенде («Арақ туралы Опай ұғлы Кағибадан рауаят». М.Жүсіп, II-том, 2003). *Гунаһы* жоқ бір ғаріп, Жанын қисаң, аламын! («Таһир-Зүһра». Ғашықнаме, 1976). Мойнымда *гүнәһім* көп, тәубе еттім, Қабыл ет, тәубем көпке жүз ұятым («Мұхаметжан Серәлин». Бес ғасыр жырлайды. III том. 1985). Бар еді кішкентайдан көп *кунайым*, Көп даусым шығармай бір жылайын («Киік». Бабалар сөзі. 10-том. 2004. 100 томдық). Жаратқанға білмеймін, Неден де болды *кунайым*? («Ер Шора» (Молда Мұса нұсқасы). Бабалар сөзі. 45-том. 2007. 100 томдық). Өзәзіл шайтан азғырып, Істеген менің *күнәйім* («Бозұғлан» (Әбдімұрат нұсқасы). Бабалар сөзі. 47-том. 2008. 100 томдық). Қалың жұрт патшаға кеп зар жылады, *Гунаһын* кешіңіз деп, баланы аяп («Иранғайып шаһ Ғаббас». Ғашықнаме, 1976).

Бұндай ала-құла таңбаланып жүрген барлық кірме сөздердің жалпы саны бес жүзге жуықтайды. Бұлар әрқалай жазылып, әрқалай айтылып жүрген, тек дыбысталуы ғана бөлек, бірақ мағыналарында айырмашылық жоқ сөздер.

Кірме сөздердің бұлай таңбаланып жүруінің өзіндік бірнеше себептері бар:

**біріншіден**, мұраларымыздағы араб, парсы сөздері түпнұсқа принциппен, яғни сол тілдердің жазылу формасы бойынша таңбаланғандықтан, оларды әркім әртүрлі транскрипциялап жіберген;

**екіншіден**, араб жазуының заңы бойынша дауысты дыбыстар таңбаланбай, жасырын тұрады соның салдарынан транскрипциялау кезінде графика-орфографиялық, фонетикалық ала-құлалық, жүйесіздік орын алған.

Көріп тұрғанымыздай, бұндай варианттардың пайда болуына мынадай факторлар әсер еткен:

**бірінші**, араб және парсы тілдері мен қазақ тілінің фонетикалық жүйелеріндегі дыбысталудың әртүрлілігі: *астапыралла* – араб тіліндегі дыбысталуы *астағфир аллаһу*; *бейіш* – парсы тіліндегі дыбысталуы *биһиш*, т.б.

**екінші**, кірме сөздер құрамындағы қазақ тілінде мүлде кездеспейтін дыбыстарды төл дыбыспен алмастыру үрдісі: *әзірейіл* сөзі араб тілінде айн дыбысынан басталады, оған сәйкес дыбыс қазақ тілінде мүлде жоқ, сондықтан оның бірнеше нұсқалары пайда болған, т.б.

## Г. М. Мамырбекова. Бірнеше нұсқада таңбаланып жүрген діни атаулардың...

*үшінші*, жазба мұралардағы араб, парсы сөздерін түпнұсқа бойынша транскрипциялау үрдісі: *күнә* сөзінің парсыша түпнұсқасы *гүнаһ*, т.б.

Қорыта айтқанда, әдеби шығармалары болсын, мектеп оқулықтары болсын, БАҚ құралдары болсын жалпы ала-құла таңбаланып жүрген сөздерді көптеп кездестіреміз. Осындай ала-құла жазылып жүрген діни сөздердің әдеби тілде таңбалану нормасын тұрақтандыру мәселесі тілші ғалымдар тарапынан жүйелі түрде қолға алынуы қажет-ақ.

### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Д.Кенжетаев. *Қожа Ахмет Иасауи философиясы және оның түркі дүниетанымы тарихындағы орны*. Философия ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертацияның қолжазбасы. – Алматы, 2007 ж.
2. Н.Келімбетов. *Ежелгі дәуір әдебиеті: Жоғары оқу орындары филология факультеті студенттеріне арналған оқулық*. –Алматы: Ана тілі, 1991, -264 б.
3. Қ.Есімов. *Парсы-араб өркениетінің қазақ ұлттық мәдени менталитетіне әсері*. Философия ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертацияның қолжазбасы. –Алматы, 2001 ж.
4. Н.Оңдасынов. *Арабша-қазақша түсіндірме сөздік*. –Алматы: Мектеп, 1984, Т.1, -256 б.